

XFTAP 05.11.27

М. Жолдасбеков

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E: mail: zholdasbekov@enu.kz)

Тарих деректері: қазақ жеріне депортацияланған түркі халықтары

Аңдатпа. Мақалада тарих бетіндегі ресми құжаттарға сүйене отырып, XX ғасырдың басында басталған, дәлірек айтсақ, Ұлы Отан соғысына дейін қазақ жеріне жаппай қоныс аудару саясаты мен Ұлы Отан соғысынан кейінгі депортация салдары туралы жазылады. Қазақстан жеріне депортацияланған түркі халықтарының жай-күйі туралы баяндалады. Әсіресе, жаппай көшіру науқанының құрбаны болған қарашай, балқар, қырым татарларының саны мен қоныстану мекені тарихи деректер негізінде толық айтылады. Бұл түркі халықтарының қазақ жеріндегі бүгінгі өмір салты мен тіршілігі, елдегі демографиялық жағдайы және мемлекеттік демографиялық жағдайға әсері баяндалады. Сонымен қатар, осы халықтардың жаппай жер аударуының нақты (тарихи, саяси, әлеуметтік т.б.) себептері көрсетіліп, Қазақстанға жер аударған бауырлас түркі халықтарының тұрмыс-тіршілігі мен мәдениетінің сақталуына негіз болған қазақ халқының бойындағы қонақжайлылығы мен кеңпейілділігі туралы айтылады.

Түйін сөздер: депортация (қоныс аудару), тарихи деректер, түркі халықтары, қарашай, балқар, қырым татарлары.

DOI: <https://doi.org/10.32523/26-16-6887/2019-128-3-116-124>

Кіріспе. Қазақстан – 125 этностың өкілі бейбіт өмір сүріп жатқан көп ұлтты мемлекет. Алайда тұрақтылық пен тыныштықты ту еткен, түрлі этнос өкілдерінен құралған осынау мемлекеттің іргесін қалау барысы оп-оңай іске асқан жоқ. XX ғасырдың басында жаппай жер аударуды қолға алған қатігез жүйе көптеген халықты өз еркінен тыс Қазақ даласына орнықтырды. Кәріс, неміс пен шешен, ингуштармен қатар қарашай, балқарлар мен қырым татарлары да өз жерінен көшіріліп, тағдыр теперішіне тап болғаны тарихтан мәлім.

Осы жылдың көктемінде балқарлар мен қырым татарларының елімізге зорлықпен жаппай жер аударылғанына 75 жыл толады. Өткен жылдың соңында қарашайлардың да депортацияланғанына сонша жыл толған болатын. Сақталып қалған құжаттарға талдау жасай отырып, 1943-1944 жылдардағы тарих бетіне үңілсек...

Мақаланың мақсаты: тарихи құжаттарға талдау жасау арқылы Қазақстан жеріне депортацияланған түркі халықтарының саны мен қоныстану мекенін анықтау.

Міндеті:

- жер аударылған түркі халықтарының жалпы санын көрсету;
- халықтарды жаппай жер аударудың себеп-сылтауларын анықтау;
- Қазақстан жеріне депортацияланған халықтардың қоныстану аймағын көрсету.

Тарихы. 1939 жылы жүргізілген Бүкілодақтық санаққа сәйкес, Қарашай автономиялы облысының (Орджоникидзе аймағы құрамындағы) аумағында 75 763 қарашай өмір сүрген. 1942 жылдың тамыз айының басы мен 1943 жылғы қаңтар айының соңында бұл халықтың бәрі де басқыншылардың қол астында болды. Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы (КСРО) Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығы және қарашайлықтарды түгел көшіру, Қарашай АО-ны жою және оның аумағын әкімшілік тұрғыда қайта құрылымдау туралы №1118-342 Қаулысы 1943 жылғы қазанның 12-сінде және 14-інде шыққан болатын:

«Қарашай автономиялы облысының аумағына неміс-фашистерінің басқыншылық

етуі кезеңінде көптеген қарашайлықтар өзін сатқын ретінде ұстағандықтан, кеңес билігімен күресу үшін ұйымдасқан неміс отрядтарына еніп, Кавказдан арғы асулармен басқыншылық етіп келе жатқан неміс әскерлеріне жол көрсеткендіктен, басқыншылар құылғаннан кейін кеңес билігінің жүргізген шараларына қарсы келгендіктен, биліктен бандиттер мен қалдырылған неміс агенттеріне белсенді түрде көмек көрсетіп, оларды жасырғандықтан – КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумы Қаулы шығарады: <> Облыс аумағында тұратын барлық қарашайлар КСРО-ның басқа аудандарына көшіріліп, Қарашай автономиялы облысы жойылсын» [1].

Осылайша облыстың барлық аумағы (9 мың шаршы шақырым) Ставропольск аймағы, Гүржістан мен Краснодар аймағына бөлініп берілді.

Қарашайларды күштеп көшіру үшін жалпы саны 53 327 адам болатын әскери құрылымдар жұмылдырылды. Алғашқы эшелон бойынша депортация жоспары 62 842 адамды қамтыған еді. Оның 37 249-ы ересектер болса, әрбір қарусыз қарашайға (әйелдерді қоса алғанда) – қарулы екі чекистен айналғанын есептеуге болады.

Жаппай жер аударудың өзі 1943 жылдың 2 қарашасында іске асырылды. Жоспар тіпті артығымен орындалды десе де болады: жалпы 69 267 адам жер аударылса, олардың 68 938-і алғашқы эшелонмен жөнелтіліп, кейін анықталған 329 адам да алғашқы қандастарының кебін киді.

1943 жылдың қыркүйегінің өзінде Л. Берия бекіткен жоспар бойынша Қазақстанға 11 мыңға тарта отбасын көшіру туралы шешім қабылданған еді. Осы 11 мың отбасы депортацияланатыны шешіліп қойғандардың үштен екісін құрайтын. Қарашайларды Жамбыл облысының Жамбыл, Свердлов, Қордай, Шу, Мерке аудандарына, сонымен бірге Оңтүстік Қазақстан облысының Киров пен Қызылқұм аудандарына көшіру көзделген-тін.

Шындығында, бұл сандар құжатта көрсетілген деректерден артық болып шықты. Қазақстанға 12 342 отбасы (немесе 45 501 адам) қоныс аударылып, негізінен Оңтүстік Қазақстан облысы мен Жамбыл облыстарына (25 212 және 20 285 адамнан), одан әрі Қырғызстанға тағы 22 900 адам әкелінді. Кейін халықтың шағын бөлігі Тәжікстан, Иркутск облысы мен Қиыр Шығыстан бір-ақ шықты. Олардың арасында ресми түрде бандит деп танылған 53 адам, 41 қашқын, әскерге барудан жалтарған 29 адам, 184 бандыға көмек беруші бар еді. Есептеп қарасаңыз, осы аталғандардың бәрі де жалпы жер аударылған халықтың 1 пайызына да жетпейді [2].

Соңында қарашайлардың жерінен тағы 329 адам анықталып, көшірілді. Сонымен бірге Кавказ аудандарында тағы 90 қарашайдың бары белгілі болды. 2 543 қарашай Қызыл әскер құрамынан шығарылып, үйіне қайтудың орнына орта Азиялық арнайы комендатураларға жеткізілді.

Бүтіндей халықтың өз отанынан айырылуының тарихы міне, осындай. Жер аударылған қарашайлардың 1 пайызы шынында да, айыпқа іліккен болатын. Алайда одан бөлек олардың ешқайсысының жазығы жоқ еді.

Бұған дәлел ретінде мемлекеттік қауіпсіздік қызметінің лейтенанты Домбровскийдің 1944 жылдың қаңтарында жазған өтінімінің мәтініне мән беруге болады:

«Қарашай автономиялы облысынан Қазақ КСР-ға арнайы көшірілгендердің ішінде: Қазіргі Қызыл әскердің құрамында жүргендердің отбасы бар. Олардың жартысы жер аударылмас бұрын командалық лауазымға және әскери шенге ие күйеулерінен аттестат бойынша керек-жарақ алып жүргендер.

Отан соғысының мүгедектері мен үкіметтік наградаларға ие болғандар.

Кавказды немістер уақытша басып тұрған кезде партизандық отрядтарда болғандар, сонымен бірге неміс басқыншылығы тұсында ордендермен және медальдармен марапатталғандар, наградаға ұсынылғандар.

Неміс басқыншылығының салдарын жою бойынша КСРО ІХК (НКВД) жасағының

ерекше қатысушылары.

Жер аударылғандардың ішінде сондай-ақ қарашай ұлтына жатпайтын (орыстар, қырым татарлары, лезгиндер және тағы басқалары) адамдар да бар, олардың ішінде студенттер де көп» [3].

Аталмыш сауал хат азшылықтың айыбы үшін тұтас халықты «жазалау» жолын таңдаған КСРО басшылығы шешімінің қаншалықты ойлаусыз әрі қатал екенін көрсетеді.

Арада көп уақыт өтпей қарашай топонимдерінің атауын өзгерту процесі де басталып кетті: қарашайлардың Микоян-Шахар атты астанасы алдымен Микояни атауына, кейін Клухори деп өзгертілді. Сол тұстың саясатының пиғылын Ставрополь аймағы комитеті хатшысы М.А. Сусловтың мына сөзінен-ақ аңғаруға болады: «Біз қарашайларды таудан қуып шықтық. Енді бұл жақтан олардың рухын қуып шығу керек...»

Осылайша, 1943 жылдың желтоқсан айында В.Г. Наседкиннің хабарламасы бойынша, Орталық Азияға 68 614 қарашай жер аударылды, оның 45,5 мыңы – Оңтүстік Қазақстан аумағына орналастырылды. 1939 жылғы және 1959 жылғы халық санақтарын салыстырар болсақ, Қазақстанда қарашайлардың саны 36,2 есеге дейін көбейді. Десе де, балқарлардың басынан өткеніндей, аталған санақтардың арасындағы кезеңде КСРО қарашайларының басым бөлігі Қазақстанда тұрып жатқан еді. Біздің есебіміз бойынша, қазақстандық қарашайлардың 87 пайызы 1950 жылдардың екінші жартысында отанына қайтып кеткен.

1944 жылдың 24 ақпанында Л. Берия И. Сталинге балқарларды жер аударуды ұсынады. Ал 26 ақпанда ол КСРО ХКП (Халық комиссариатының ішкі істері) (Народный Комиссариат Внутренних Дел) бойынша «Кабардин-Балқар Автономиялы Кеңес Социалистік Республикасынан балқар халқын көшіру бойынша шаралар туралы» бұйрық шығарған (ескеретін нәрсе барлық құжатта «НКВД» қысқартуы қолданылады):

«Солтүстік Кавказдан балқарларды көшіру туралы ұсыныстарға байланысты мен Кавказға неміс фашистерінің басқыншылық жасауы және қуылуы кезіндегі олардың іс-әрекеттері туралы материалдармен таныстым. 1942 жылы немістер Ростов фронты сызығын кесіп өткен кезде Балқарияда антикеңестік элементтер байқалып, Қызыл әскер тылында жаугершілік әрекет белсенді түрде бой көрсете бастаған. Майданнан қашқан балқарларды пайдалана отырып, бандиттік әрі көтеріліске бейім топтар құрылған».

1944 жылғы 24 ақпанда Л. Берияның Сталинге жазған телеграммасынан [4].

Операцияны жүзеге асыруға НКВД жасағының 17 мың әскері мен 4 мың жедел қызметкері тартылады. Бірнеше күннен кейін Л. Берия шешендер мен ингуштарды көшіру туралы И.Сталинге тағы да телеграмма жіберіп жатты. Онда:

«Балқарларды көшіру бойынша операцияны даярлау және сәтті жүргізу үшін барлық қажетті шаралар жүргізілді. Даярлық жұмыстары 10 наурызда аяқталады. 10-15 наурыз аралығында балқарларды көшіру басталады» делінген [5].

5 наурызда Мемлекеттік қорғаныс комитетінің жер аудару туралы аса құпия Қаулысы жарияланды:

«МҚК-ның 1944 жылғы 31 қаңтардағы № 5073 Қаулысына қосымша ретінде КСРО НКВД (БЕРИЯ) Кабардин-Балқар Автономиялы Кеңес Социалистік Республикасынан Қазақ және Қырғыз КСР-ларына 40 мыңдық арнайы қоныс аударушыларды бағыттауға: Қазақ КСР-іне 25 мың адам, Қырғыз КСР-іне 15 мың адам көшіруге міндеттелсін» [6].

1944 жылдың 7 наурызында НКВД Халық комитеті төрағасының орынбасары В. Чернышев Л. Берияға жазған баяндамалық жазбасында Қазақстан бойынша балқарларды тарата орналастыру жоспары туралы жазады:

Оңтүстік Қазақстан облысы..5000 адам;
Алматы облысы.....5000 адам;
Семей.....2500 адам;
Солтүстік Қазақстан.....2500 адам;

Қостанай.....2500 адам;
Павлодар.....2500 адам;
Ақмола.....5000 адам [7].

37 107 балқардың көшірілгенін Берия Сталинге 11 наурызда, ал 14 наурызда БКП ОК Саяси бюросына баяндайды.

«НКВД Кабардин-Балқар Автономиялы Кеңес Социалистік Республикасынан балқарларды көшіру жұмысы 9 наурызда аяқталғанын баяндайды.

Қазақ және Қырғыз КСР аумақтарындағы қоныстарға 37 103 балқар эшелон арқылы жеткізілді; сонымен бірге антикеңестік элемент бойынша 478 адам тұтқындалды. 288 дана отты қару тәркіленді. Операцияны іске асыру барысында ерекше назар аударарлық ешқандай жағдай байқалған жоқ».

Баяндамада келтірілген қысқаша сөзде «антикеңестік элемент» бойынша сотталған 478 адамға бірден назар аударуға болады. Бұл дегеніңіз, шынтуайтына келгенде көшірілген 37 мың халықтың «антикеңестік элементке» түк қатысы жоқ екенін білдіреді. Олардың бар жазығы – тарих көшінде жолының болмағанында екені анық.

1944 жылдың 8 сәуірінде Жоғарғы Кеңес Президиумының балқарларды көшіру және Кабардин-Балқар АКСР-ды Кабардин АКСР деп өзгерту туралы бұйрығы шықты.

«Неміс фашистерінің басқыншылығы кезінде, Кабардин-Балқар АКСР аумағын басқыншылар жаулаған тұста көптеген балқарлар отанына опасыздық танытып, ұйымдасқан неміс қарулы отрядтарының құрамына енді, Кавказ асуларында фашистерге жолсерік ретінде көмектесті, ал Қызыл әскер Кавказдан жауларды қуып шыққан кезде олар кеңес билігіне қарсы күресу үшін ұйымдасқан неміс бандаларының құрамына кірді – осыған байланысты КСРО Жоғарғы Кеңестің Президиумы ҚАУЛЫ ШЫҒАРАДЫ:

<> Кабардин-Балқар АКСР аумағында тұратын барлық балқарлар КСРО-ның басқа аудандарына көшірілсін».

Бұл тұста КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының бұйрығы балқарларды жер аудару аяқталып қойғаннан кейін шыққанын айта кету керек.

Босап қалған жерлерге «Кабардин АКСР-дың жері аз аудандарының колхозшыларын», яғни кабардиндіктерді орналастыру бұйырылды. Республиканың оңтүстік-батыс аудандары (жалпы 12,65 мың шаршы шақырымдық аумақтың 2 мың шаршы шақырымы) Гүржі КСР-ға берілді. Кабардин-Балқар АКСР атауынан балқар этнонимі алынып тасталып, республика Кабардин АКСР деп қана аталды.

Балқарлар туралы ескерткіштердің бәрін жою процесі атауларды өзгерту арқылы жүргізіле бастады: 1944 жылдың 29 мамырында РКФСР ЖКП бұйрығы шығып, оған сәйкес: а)Хуламо-Безенгиев ауданы Кеңес ауданына, оның орталығы Кашкатау – Советское елді мекеніне ауыстырылды; б)орталықтар ауыстырылды: Нагорный ауданында Каменноостское елді мекені Сармаково болып, Урван ауданындағы Че-рек Докшукино (қазіргі Нарткала) жұмыс кентіне, Чегем ауданындағы Н.Чегем кенті Чегем-І атауына өзгертілді; в)Черек ауданы таратылып, оның аумағы Советский және Лескенский аудандарына берілді. Содан кейін (1944 жылдың желтоқсан айында) осыған ұқсас Гүржі КСР ЖКП бұйрығымен бұрынғы Кабардин-Балқар АКСР-ден берілген Земо-Сванетский ауданында 5 тұрғылықты мекеннің атауы өзгертілді [8, 9].

Қазақстан мен Қырғызстанға жер аударылғандардың жалпы саны 37 044 адамды (жолда көз жұмған 562 адамды есептегенде) құрады. Қазан айына қарай олардың саны 33 100 адамға төмендеді. Бұл жерде айырмашылықты өлім жағдайымен ғана емес, балқарлықтардың арасында кабардиндіктердің де болғанын ескере отырып, түсіндіруге болады. Кабардиндіктерді басым жағдайда кері қайтарып отырды.

1944 жылдың 5-10 мамыры аралығында тағы да Қарашай аумағында тұрған (ол тұста Гүржі елінің Клухорский ауданы) ондаған балқар отбасы күштеп көшірілді.

1939 жылғы халық санағының мәліметі бойынша, Қазақстанда бар-жоғы 173 балқар бар еді. Ал 1959 жылғы санақ бойынша олардың саны 4 174 адамды құрап, соңғы санаққа қарағанда 24 есе көбейгенін байқауға болады. 1939 жылы КСРО-дағы балқарлардың 0,4 пайызы ғана Қазақстанда өмір сүрсе, 1959 жылға қарай бұл көрсеткіш 9,8 пайызға жеткен. Оған қоса, Қазақстанда өмір сүрген 4 174 балқар 1959 жылы жер аударылған ұлттардың ішіндегі ең азы болатын. Мемлекеттік қорғаныс комитетінің 1944 жылғы 5 наурыздағы №5309 Қаулысы бойынша жарлық құжат негізінде 25 мың балқар болуы тиіс-тін. Ал шындығында, олардың саны аз, яғни 16,6 мың адам болып шықты. Бұған 1956-1959 жылдар аралығында балқарлардың өз отанына оралуы себеп болды. Отанына оралу процесі бұдан кейінгі халық санағы кезінде де жүріп жатқан болатын.

1944 жылдың мамыр айында депортация ызғары қырым татарларына да келіп жетті. Қырым неміс әскерінен азат етілген 1944 жылдың 13 сәуірінің өзінде НКВД мен НКГБ ол аумақты антикеңестік элементтерден «тазарту» жұмыстарын бастап кетті. Қырым татарлары халқын Қырым АКСР аумағынан көшіру туралы МҚК қаулылары 1944 жылдың 2 сәуірі, 11 мамыры мен 21 мамырында қабылданды. Қырым татарлары мен гректерді Краснодар аймағы мен Ростов облысынан жер аудару туралы осыған ұқсас қаулы 1944 жылдың 29 мамырында шыққан болатын.

Қырымдағы барлық операцияларға 32 мың жедел қызметкер, офицер мен НКВД қызметкері қатысты. Негізгі операцияны 18 мамыр күні таңға жуық бастап, бұл процесс үш күнге созылды. 20 мамырдағы жағдай бойынша ол жақтан 180 014 адам жаппай көшіріліп, оның 173 287-і жолға шығып та кеткен еді. Қырымдағы соңғы мәліметтер бойынша, 191 014 қырым татары (немесе 47 мың отбасы) депортацияланды [10].

Қарашайлар мен балқарларға қарағанда қырым татарларының басым көпшілігі Қазақстанға емес, Өзбекстанға, нақтырақ айтқанда 151 083 адам Ташкент, Самарқан, Әндіжан мен Ферғана облыстарына жеткізілді. Дегенмен, қырым татарларының бір бөлігі Қазақстанда қалғанын айта кету керек. Мәліметтерге сүйенсек, қырым татарларының 4501-і Қазақстанда қалған болуы керек. Сонымен қатар, Қырымның аудандық әскери комитеті әскер жасына жеткен 6 мың татарды даярлап, наряд бойынша Қызыл әскердің Әскерді жасақтау және құрылымдау бас басқармасының наряды бойынша Гурьев қаласы (Атырау), Рыбинск пен Куйбышевке жөнелтті.

1944 жылдың 20 қазанында БКП-ның Қырым обкомының татар, грек және неміс тіліндегі жергілікті мекендерді, таулар мен өзендердің атауын өзгерту туралы, ал 14 желтоқсанда РКФСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Қырым облысының 11 ауданы мен аудан орталығының атауын өзгерту туралы Қаулысы жарияланды. Аталмыш қаулы негізінде барлық татар, неміс және грек атаулары орыс тіліндегі атауларға ауыстырылды. Қырым АКСР 1945 жылдың 30 маусымында РКФСР құрамындағы Қырым облысы болып қайта құрылды. Жоғарғы Кеңес Президиумының 1945 жылғы 21 тамызындағы және 1948 жылдың 18 мамырындағы Жарлығымен 327 және 1 062 қырым-татар елді мекендерінің атауы басқаша аталатын болды. Одан кейін 1952 жылдың 14 қаңтарындағы ЖКП бұйрығымен Қырым облысының аумағында темір жол станциялары татар тіліндегі атаулардан орыс тіліндегі атауларға көшті [11].

Нәтижелері. Жаппай жер аудару жағдайларына бірнеше сылтау табылғаны белгілі. Біріншіден, мұның себептері ойдан шығарылған болатын. Билік ол тұста «отанға опасыздық», «қашқындық», «қарсылас жаққа шығып кету», «сатқындық», «басқыншыларға көмектесу» секілді сылтауларға сүйенген еді. Шынайы себептер айтылмады. Екіншіден, барлық депортацияларды жер аудару процесіндегі таңдамай, талдамай көшіре беру процесі біріктіреді. Ешкім де шынайы жағдайды айқындауға, ақ пен қараны ажыратуға бас қатырған жоқ. Жер аударылғандардың басым көпшілігінің антикеңестік элементтерге еш қатысы жоқ еді. Көптеген отбасы мүшелерінің дені Қызыл әскердің жұмысшы шаруалары, соғыс

мүгедектері, үкіметтік наградалармен марапатталғандар болатын. Үшіншіден, депортацияға бүтіндей халық көшіріліп қана қоймай, олар туралы естеліктер де тарих қойнауынан өшіп бара жатты. Әкімшілік бірліктер жойылып, атауы өзгертіліп, колхоздар жабылып, босап қалған орындарға басқа адамдар қоныс тепті.

Қорытынды. Біз осы мақалада біршама сандарды, бұйрықтар мен өзге де құжаттарды көрсетуге, жария етуге тырыстық. Алайда осынау құрғақ сандардың артында тағдыр теперішіне тап болған қаншама адамның өмірі тұрғанын түсіну керек-ті. 68 614 қарашай, 37 107 балқар, 191 014 қырым татары – үш халықтан үш жүз мың адам санаулы күннің ішінде қатігез жүйе салдарынан тұрып жатқан жерінен, үйінен, отанынан айырылды. Осы адамдардың әрбірінің тағдыры, әрбірінің тарихы, үміті мен басына түскен ауыртпалығы ойландырмай қоймайды.

Қолындағыны бөлісіп, қайғысына ортақтасқан, көзіндегі жасын сүртіп, көңіліндегі зарын ұққан қазақтар болмағанда, жаңа жерге үйренісудің өте қиынға соғарын жер аударылғандардың көбісі ерекше айтып өтеді. Осынау ата-бабаларымыздың қонақжайлылығы мен жомарттығын біз бүгін мақтанышпен еске аламыз. Сонымен бірге жаппай жер аударудың тарихын біз есте сақтауымыз керек. Тұтас ұлттың басына түскен осындай қиындық қайталанбас үшін кімге де болсын, тарихтан сабақ алған ләзім.

Әдебиеттер тізімі

1. Указ Президиума Верховного Совета СССР № 115/13 «О ликвидации Карачаевской автономной области и об административном устройстве ее территории». ГАРФ. Ф. Р-7523. Оп. 4. Д. 198. Л. 79-80 // История сталинского ГУЛАГа. Конец 1920-х - первая половина 1950-х годов. Собрание документов в 7 томах. Том 1. Массовые репрессии в СССР. М.: Росспэн. – 2004. – С. 476-477.
2. Сообщение начальника ГУЛАГа В.Г. Наседкина наркому НКВД Л.П. Берии о завершении расселения карачаевцев в Джамбульской и Южно-Казахстанской областях Казахской ССР и во Фрунзенской области Киргизской ССР. 8 декабря 1943 г. ГАРФ. Ф. Р-9479. Оп. 1. Д. 137. Л. 134-136 // Сталинские депортации. 1928-1953/Под общ. ред. акад. А.Н. Яковлева; Сост. Н.Л. Поболь, П.М. Полян - М.: МФД, Материк. – 2005. – С. 403 – 404.
3. Запрос УНКВД КазССР в НКВД СССР о спецпереселенцах-карачаевцах. ГАРФ. Ф. Р-9479. Оп. 1. Д. 137. Л. 197. // Сталинские депортации. 1928-1953 / Под общ. ред. акад. А.Н. Яковлева; Сост. Н.Л. Поболь, П.М. Полян - М.: МФД; Материк. – 2005. – С. 409.
4. Приказ НКВД № 00186с/с «О мероприятиях по выселению из Кабардино-Балкарской АССР балкарского населения». 28.02.1944. ГАРФ. Ф. Р-9401. Оп.2.Д.3.Л.315–319.Электронный ресурс: <https://www.alexanderyakovlev.org/fond/issues-doc/1022295> (дата обращения: 03.07.2019)
5. Бугай Н.Ф. «Выселение произвести по приказу тов. Берии...» // Исторические науки в Молдове. 1991. – № 1. – С. 64-68.
6. Постановление ГОКО № 5309сс «О выселении балкарцев из Кабардино-Балкарской АССР» // РГАСПИ. Ф. 644. Оп. 1. Д. 215. Л. 119–121 Электронный ресурс: <https://www.alexanderyakovlev.org/fond/issues-doc/1022308> (дата обращения: 03.07.2019)
7. Докладная записка зам. наркома НКВД В.В. ЧЕРНЫШЕВА наркому НКВД Л.П. Берии о принятых мерах по выполнению постановления ГОКО № 5309сс О выселении балкарцев из Кабардино-Балкарской АССР // История сталинского ГУЛАГа. Конец 1920-х - первая половина 1950-х годов. Собрание документов в 7 томах. Том 1. Массовые репрессии в СССР. М.: Росспэн. – 2004. – С. 483-484.
8. Указ Президиума Верховного Совета СССР № 117/6 «О переселении балкарцев, проживающих в Кабардино-Балкарской АССР, и о переименовании Кабардино-Балкарской АССР в Кабардинскую АССР» // Депортации народов СССР (1930—1950-е годы). Ч. 1: Документальные источники Центрального государственного архива Октябрьской Революции, высших органов государственной власти и органов государственного управления (ЦГАОР) СССР. Материалы к сер.: Народы и культуры. Вып. XII / Сост. О.Л.

Милова; Предисл. Т.Ф. Павловой. М., 1992. – С. 46-47

9. Указ Президиума Верховного Совета РСФСР «О перенесении районных центров Нагорного, Урбанского и Чегемского районов, переименовании Хуламо-Безенгиевского района и о ликвидации Черекского района Кабардинской АССР» // Сталинские депортации. 1928-1953 / Под общ. ред. акад. А.Н. Яковлева; Сост. Н.Л. Поболь, П.М. Полян - М.: МФД: Материк. – 2005. – С. 490-491.

10. Приказ народного комиссара внутренних дел СССР и народного комиссара государственной безопасности СССР № 00419/00137 «О мероприятиях по очистке территории Крымской АССР от антисоветских элементов» // История сталинского ГУЛАГа. Конец 1920-х - первая половина 1950-х годов. Собрание документов в 7 томах. Том 1. Массовые репрессии в СССР. М.: Росспэн. – 2004. – С. 497-499.

11. Бугай Н.Ф. Депортация народов Крыма: Документы, факты, комментарии. М.: Инсан, 2002. – С. 240.

М. Жолдасбеков

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Исторические источники: тюркские народы, депортированные в Казахстан

Аннотация. В статье, на основе официальных документов, представлены сведения о политике массового переселения народов на территорию Казахстана до Великой Отечественной войны и последствиях депортации после войны. Докладывается о состоянии депортированных тюркских народов на территории Казахстана, в частности, количестве и поселениях карачаевцев, балкар, крымских татар, ставших жертвами массовых переселенческих кампаний. На основе исторических данных подробно описаны образ жизни тюркских народов на казахской земле, демографическое положение переселенцев и их влияние на демографическое положение страны в целом. Указаны причины (исторические, политические, социальные и др.) массового переселения народов. Вместе с тем отмечено, что переселение народов осуществилось благоприятно благодаря гостеприимству и добродушию казахского народа, которые послужили основой сохранения жизни и культуры братских тюркских народов, переселенных в Казахстан.

Ключевые слова: депортация (переселение), исторические данные, тюркские народы, карачай, балкар, крымские татары.

M. Zholdasbekov

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Historical sources: Turkic peoples deported to Kazakhstan

Abstract. The article, based on official documents of history, describes the policy of mass migration of Kazakhs before the great Patriotic war and the consequences of deportation after the great Patriotic war. The state of the deported Turkic peoples on the territory of Kazakhstan is reported. In particular, the number of Karachay, Balkar, Crimean Tatars and the settlement victims of mass resettlement campaigns are described in detail on the basis of historical data. This is due to the way and life of the Turkic peoples in the Kazakh land, the demographic situation in the country and the influence of the state on the demographic situation. At the same time, it should be noted that the mass migration of these peoples is real (historical, political, social, etc.). b.) the hospitality and diversity of the Kazakh people, which served as the basis for the preservation of life and culture of fraternal Turkic peoples resettled in Kazakhstan.

Keywords: deportation (resettlement), historical data, Turkic peoples, Karachay, Balkar, Crimean Tatars.

References

1. Ukaz Prezidiuma Verkhovnogo Soveta SSSR № 115/13 «O likvidatsii Karachayevskoy avtonomnoy oblasti i ob administrativnom ustroystve yeye territorii». GARF. F. R-7523. Op. 4. D. 198. L. 79-80 [Decree of the Presidium of the Supreme Soviet of the USSR № 115/13 “On the elimination of the Karachai Autonomous region and the administrative structure of its territory.” GARF. F. R-7523. Op. 4. D. 198. L. 79-80], Istoriya stalinskogo GULAGa. Konets 1920-kh - pervaya polovina 1950-kh godov. Sobraniye dokumentov v 7 tomakh. Tom 1. Massovyeye repressii v SSSR. [History of Stalin’s Gulag. The end of the 1920s - the first half of the 1950s. Collection of documents in 7 volumes. Volume 1. Mass repressions in the USSR] (Rosspen, Moscow, 2004, p.476-477).
2. Soobshcheniye nachal’nika GULAGa V.G. Nasedkina narkomu NKVD L.P. Berii o zavershenii rasseleniya karachayevtsev v Dzhambul’skoy i Yuzhno-Kazakhstanskoy oblastiakh Kazakhskoy SSR i vo Frunzenskoy oblasti Kirgizskoy SSR. 8 dekabrya 1943 g. GARF. F. R-9479. On. 1. D. 137. L. 134-136 [The message of the chief of the Gulag, V. G. Nasedkin, people’s Commissar of the NKVD L. P. Beria of the completion of settlement of Karachai in Dzhambul and South Kazakhstan regions of the Kazakh SSR Frunze in the Kirghiz SSR], Stalinskiye deportatsii. 1928-1953 [Stalinist deportation. 1928-1953]. Edited by academician Yakovlev, Compiled by. N.L. Pabol’, P.M. Polyay (MFD: Materik, Moscow, 2005, p. 403 - 404).
3. Zapros UNKVD KazSSR v NKVD SSSR o spetspereselentsakh-karachayevtsakh. [Request of the Office of the People’s Commissariat of Internal Affairs of the Kazakh SSR to the People’s Commissariat of Internal Affairs of the USSR about the special settlers of Karachai.] On. 1. D. 137. L. 197, Stalinskiye deportatsii. 1928-1953 [Stalinist deportations. 1928-1953] Edited by academician Yakovlev, Compiled by. N.L. Pabol’, P.M. Polyay (MFD: Materik, Moscow, 2005, p. 409).
4. Prikaz NKVD № 00186s/s «O meropriyatiyakh po vyseleniyu iz Kabardino-Balkarskoy ASSR balkarskogo naseleniya». 28.02.1944. [Order of the People’s Commissariat of Internal Affairs No. 00186c / c “On measures to evict the Balkarian population from the Kabardino-Balkarian ASSR”. 02.28.1944.] GARF. F. R-9401. Op. 2. D. 3. L. 315–319 [Electronic resource]: Available at: <https://www.alexanderyakovlev.org/fond/issues-doc/1022295> (Accessed: 03.07.2019)
5. Bugay N.F. Vyseleniye proizvesti po prikazu tov. Berii [The eviction to produce by order of Comrade Beria], Istoricheskiye nauki v Moldove [Historical Sciences in Moldova], (1), 64-68 (1991).
6. Postanovleniye GOKO № 5309ss “O vyselenii balkartsev iz Kabardino-Balkarskoy ASSR” [Decree of the State Defense Committee number №5309ss “On the eviction of the Balkarians from the Kabardino-Balkarian Autonomous Soviet Socialist Republic], RGASPI. F. 644. Op. 1. D. 215. L. 119–121 [Electronic resource]: Available at: <https://www.alexanderyakovlev.org/fond/issues-doc/1022308> (Accessed: 03.07.2019).
7. Dokladnaya zapiska zam. narkoma NKVD V.V. CHERNYSHEVA narkomu NKVD L.P. Berii o prinyatykh merakh po vypolneniyu postanovleniya GOKO № 5309ss O vyselenii balkartsev iz Kabardino-Balkarskoy ASSR [Report of Deputy People’s Commissar of the People’s Committee of Internal Affairs V.V. CHERNYSHEVA People’s Commissar of the People’s Committee of Internal Affairs L.P. Beria on measures taken to implement the decree of the State Defense Committee No. 5309ss on the eviction of Balkarians from the Kabardino-Balkarian Autonomous Soviet Socialist Republic], Istoriya stalinskogo GULAGa. Konets 1920-kh - pervaya polovina 1950-kh godov. Sobraniye dokumentov v 7 tomakh [History of Stalin’s Gulag. The end of the 1920s - the first half of the 1950s. Collection of documents in 7 volumes]. Volume 1. Mass repressions in the USSR (Rosspen, Moscow, 2004, p. 483-484).
8. Ukaz Prezidiuma Verkhovnogo Soveta SSSR № 117/6 «O pereselenii balkartsev, prozhivayushchikh v Kabardino-Balkarskoy ASSR, i o pereimenovanii Kabardino-Balkarskoy ASSR v Kabardinskuyu ASSR» [Decree of the Presidium of the Supreme Soviet of the USSR No. 117/6 “On the resettlement of Balkarians living in the Kabardino-Balkarian Autonomous Soviet Socialist Republic, and on renaming the Kabardino-Balkarian Autonomous Soviet Socialist Republic into the Kabardian Autonomous Soviet Socialist Republic”], Deportatsii narodov SSSR (1930—1950-ye gody). CH. 1: Dokumental’nyye istochniki Tsentral’nogo gosudarstvennogo arkhiva Oktyabr’skoy Revolyutsii, vysshikh organov gosudarstvennoy vlasti i organov gosudarstvennogo upravleniya (TSGAOR) SSSR [USSR Deportations (1930-1950). Part 1: Documentary sources of the Central State Archive of the October Revolution, the highest state bodies and state bodies of the USSR.] . Materials for the series “Peoples and cultures”.

Issue 12. XII, Compiled by O.L. Milova; Foreword T.F. Pavlova (Moscow, 1992, p. 46-47).

9. Ukaz Prezidiuma Verkhovnogo Soveta RSFSR «O perenesenii rayonnykh tsentrov Nagornogo, Urbanskogo i Chegemskogo rayonov, pereimenovaniі Khulamo-Bezengiyevskego rayona i o likvidatsii Cherekskego rayona Kabardinskoy ASSR» [Decree of the Presidium of the Supreme Soviet of the RSFSR “On the relocation of district centers of the Nagorny, Urbane and Chegemsky districts, the renaming of the Khulamo-Bezengi district and the liquidation of the Cherek district of the Kabardian ASSR”], *Stalinskiye deportatsii. 1928-1953* [Stalinist deportations. 1928-1953] Edited by academician Yakovlev, Compiled by. N.L. Pabol’, P.M. Polyani (MFD: Materik, Moscow, 2005, p. 490 - 491).

10. Prikaz narodnogo komissara vnutrennikh del SSSR i narodnogo komissara gosudarstvennoy bezopasnosti SSSR № 00419/00137 «O meropriyatiyakh po ochistke territorii Krymskoy ASSR ot antisovetskikh elementov» [Order of the People’s Commissar of the Interior of the USSR and the People’s Commissar of State Security of the USSR No. 00419/00137 “On Measures to Clean Up the Territory of the Crimean Autonomous Soviet Socialist Republic from Anti-Soviet Elements”], *Istoriya stalinskogo GULAGa. Konets 1920-kh - pervaya polovina 1950-kh godov* [History of Stalin’s Gulag. The end of the 1920s - the first half of the 1950 s]. Collection of documents in 7 volumes. Volume 1. Mass repression in the USSR. (Rosspen, Moscow, 1992, p. 497-499).

11. Bugay N.F. *Deportatsiya narodov Kryma: Dokumenty, fakty, kommentarii* [Deportation of the peoples of Crimea: Documents, facts, comments.] (Insan, Moscow, 2002, 240 p).

Автор туралы мәлімет:

Жолдасбеков М. – филология ғылымдарының докторы, түркітану кафедрасының профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтпаев көшесі, 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Zholdasbekov M. - doctor of Philology, Professor of the Department of Turkology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str. 2, Nur-Sultan, Kazakhstan.